

# PHILIPS

## Құлаққап

4000 қатары

TAA4205



## Пайдаланушы нұсқаулығы

Мына мекенжайға өтіп, өнімді тіркеуге және қолдау алуға болады:

[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)

# Мазмұны

---

<b>1</b>	<b>Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары</b>	<b>2</b>
	Есту қауіпсіздігі	2
	Жалпы ақпарат	2

---

<b>2</b>	<b>Қыстырма Bluetooth құлаққабы</b>	<b>3</b>
	Қораптағы заттар	3
	Басқа құрылғылар	3
	Сымсыз Bluetooth гарнитурасын шолу	4

---

<b>3</b>	<b>Іске кірісу</b>	<b>5</b>
	Батареяны зарядтау	5
	Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру	5

---

<b>4</b>	<b>Гарнитураны қолдану</b>	<b>6</b>
	Гарнитураны Bluetooth құрылғысына жалғау	6
	Пульсометр	6
	Philips Headphones қолданбасын жүктеп алу	6
	Гарнитураны басқару	7

---

<b>5</b>	<b>Техникалық деректер</b>	<b>8</b>
----------	----------------------------	----------

---

<b>6</b>	<b>Құлақтандыру</b>	<b>9</b>
	Сәйкестік мәлімдемесі	9
	Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау	9
	ЭМӨ талаптарына сәйкестік	9
	Қоршаған ортаға қатысты ақпарат	9
	Сәйкестік туралы құлақтандыру	10

---

<b>7</b>	<b>Жиі қойылатын сұрақтар</b>	<b>11</b>
----------	-------------------------------	-----------

# 1 Маңызды қауіпсіздік нұсқаулары

## Есту қауіпсіздігі



### Қауіп

- Есту мүшесіне зақым келмеуі үшін құлақпапты жоғары дыбыс деңгейімен қолдану уақытын шектеңіз және дыбыс деңгейін қауіпсіз мәнге орнатыңыз. Дыбыс деңгейі неғұрлым жоғары болса, қауіпсіз тыңдау уақыты соғұрлым қысқа болады.

Гарнитураны қолданған кезде, мына нұсқауларды сақтаңыз.

- Қисынды дыбыс деңгейімен шамадан аспайтын уақыт тыңдаңыз.
- Құлағыңыз үйреніп кеткен сайын, дыбыс деңгейін жоғарылата бермеңіз.
- Дыбыс деңгейін айналаңызды ести алмайтын деңгейге дейін жоғарылатпаңыз.
- Қауіп төнуі мүмкін жағдайларда абайлап қолдану немесе қолдануды уақытша тоқтату қажет.
- Құлақпаптың шамадан тыс дыбыс қысымы керемдікке себеп болуы мүмкін.
- Көлік айдаған кезде, құлақпапты екі құлақты да жауып қолданған дұрыс емес және ол кейбір аймақтарда заңсыз болуы мүмкін.
- Жеке қауіпсіздігіңізді қамтамасыз ету үшін жолда немесе басқа қауіпті болуы мүмкін орталарда музыкаға немесе телефон қоңырауларына назарыңызды бөліп жіберуіне мүмкіндік бермеңіз.

## Жалпы ақпарат

Зақым келмеуі немесе істен шығарып алмау үшін:


### ⚠ Сақ болыңыз

- Құлақпапқа шамадан тыс жылудың әсер етуіне мүмкіндік беруге болмайды
- Құлақпапты жерге түсіріп алмау керек.
- Құлақпапқа сұйықтық тамызуға немесе шашыратуға болмайды.
- Құлақпапты суға салуға болмайды.
- Құрамында спирт, аммиак, бензол немесе абразивті заттар бар тазартқыш заттарды қолдануға болмайды.
- Өнімді тазалау керек болса, қажетінше сумен немесе сұйылтылған жұмсақ сабынды сумен аздап қана суланған жұмсақ шүберекпен сүртіңіз.
- Ішкі батареяға күн сәулесі, от немесе соған ұқсас шамадан тыс қызу көздерінің әсер етуіне мүмкіндік бермеу керек.
- Батарея дұрыс ауыстырылмаса, жарылу қаупі туындайды. Ауыстырған кезде, дәл сондай батареяны немесе баламасын салыңыз.

Қолдану және сақтау температуралары мен ылғалдығы туралы мәлімет

- Температурасы 0°C (32°F) және 45°C (113°F) аралығындағы (салыстырмалы ылғалдық 90%-дан аспайтын) жерде қолдану керек.
- Температурасы -25°C (-13°F) және 55°C (131°F) аралығындағы (салыстырмалы ылғалдық 50%-дан аспайтын) жерде сақтау керек.
- Температура одан жоғары не төмен болған жағдайда батареяның қызмет ету мерзімі қысқаруы мүмкін.

## 2 Қыстырма Bluetooth құлаққабы



USB-C зарядтау кабелі  
(тек зарядтауға арналған)

Сатып алғаныңызбен құттықтаймыз, Philips әлеміне қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толығымен пайдалану үшін өніміңізді мына сайтта тіркеңіз: [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support).

Осы қыстырма Philips құлаққабымен мына мүмкіндіктерге қол жеткізесіз:

- сымсыз хендсфри режимінде қоңырау шалу және қабылдау;
- сымсыз режимде музыка тыңдау және оны басқару;
- қоңыраулар мен музыка арасында ауысу.



Қысқаша нұсқаулық




Халықаралық кепілдік




Қауіпсіздік парақшасы

### Қораптағы заттар



Philips TAA4205 қыстырма Bluetooth құлаққабы




Алмастырылатын резеңке саптамалар x 2 жұп

### Басқа құрылғылар

Bluetooth функциясын қолдайтын және гарнитурамен үйлесімді мобильді телефон немесе құрылғы (мысалы, ноутбук, коммуникатор, Bluetooth адаптерлері, MP3 ойнатқыштары, т.б.) (8-беттегі «Техникалық деректер» бөлімін қараңыз).

## Сымсыз Bluetooth гарнитурасын шолу



- ① Дыбыс деңгейі + басқару түймесі
- ② Көп функциялы түйме
- ③ Дыбыс деңгейі - басқару түймесі
- ④ Жүрек соғу жиілігін өлшеу түймесі
- ⑤ ЖШД индикаторы
- ⑥ USB зарядтау ұясы

# 3 Іске кірісу

## Батареяны зарядтау

### Ескертпе

- Гарнитураны алғаш рет қолданудан бұрын, батарея көлемі және қызмет ету мерзімі оңтайлы болуы үшін батареяны 2 сағат зарядтаңыз.
- Қандай да бір зақым келтіріп алмау үшін түпнұсқалы USB зарядтау кабелін ғана қолданыңыз.
- Гарнитураны зарядтаудан бұрын қоңырауды аяқтаңыз, себебі гарнитураны зарядтау үшін жалғаған кезде, ол өшіріледі.

Бірге берілген USB зарядтау кабелін мынаған жалғаңыз:

- Құлаққаптағы USB зарядтау ұясы және;
  - Зарядтағыш/компьютердің USB порты.
- ↳ Зарядтау кезінде ЖШД ақ түспен жанып тұрады, ал құлаққап толығымен зарядталған кезде, ол сөнеді.

### Ақыл-кеңес

- Әдетте толық зарядталуға 2 сағат кетеді.

## Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастыру

Құлаққапты мобильді телефонмен алғаш рет қолданудан бұрын, оны мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Жұптастыру нәтижелі болғанда, құлаққап пен мобильді телефон арасында шифрланған бірегей байланыс орнатылады. Құлаққап соңғы 4 құрылғыны жадында сақтайды. 4-тен көп құрылғыны жұптастыруға әрекет жасасаңыз, олардың ішіндегі ең алғашқы болып жұптастырылған құрылғы жаңа құрылғымен алмастырылады.

- 1 Құлаққап толығымен зарядталғанына және өшірілгеніне көз жеткізіңіз.
- 2 Көп функциялы түймені көк және ақ ЖШД кезек-кезек жыпылықтағанша 4 секунд басып тұрыңыз.  
↳ Құлаққап жұптастыру режимінде 5 минут тұрады.
- 3 Мобильді телефон және оның Bluetooth функциясы қосылғанына көз жеткізіңіз.
- 4 Құлаққапты мобильді телефонмен жұптастырыңыз. Толық ақпарат алу үшін мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.



Philips TAA4205

## 4 Гарнитураны қолдану

### Гарнитураны Bluetooth құрылғысына жалғау

- 1 Мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қосыңыз.
- 2 Құлаққапты қосу үшін көп функциялы түймені басып тұрыңыз
  - ↳ Көк ЖШД жыпылықтайды.
  - ↳ Құлаққап ең соңғы жалғанған мобильді телефонға/Bluetooth құрылғысына автоматты түрде қайта жалғанады. Ең соңғы құрылғы қолжетімді болмаса, құлаққап ең соңғының алдындағы құрылғыға қайта жалғануға тырысады.



#### Ақыл-кеңес

- Мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын құлаққапты қосқаннан кейін қоссаңыз немесе Bluetooth функциясын іске қоссаңыз, құлаққапты және мобильді телефонды/Bluetooth құрылғысын қолмен қайта жалғау қажет болады.

### Пульсометр

- 1 Ішкі пульсометрді қосу/өшіру үшін жүрек соғу жиілігін өлшеу түймесін 2 секунд басып тұрыңыз.
- 2 Пульсометр датчигі оң құлаққаптың ішінде орналасқан.
- 3 Жүрек соғу жиілігінің мәнін есту үшін жүрек соғу жиілігін өлшеу түймесін басыңыз.



#### Ескертпе



- Жүрек соғу жиілігінің дәл мәнінің хабарлануына 5 секундтан артық уақыт кетуі мүмкін.
- Philips TAA4205 пульсометрлерді қолдайтын фитнес қолданбаларының көбімен үйлесімді

### Philips Headphones қолданбасын жүктеп алу


- 1 Мобильді телефонда Google Play немесе App Store дүкенінен Philips Headphones қолданбасын жүктеп алып, орнатыңыз.
- 2 Құлаққап мобильді телефонға жалғанған кезде, Philips Headphones қолданбасын іске қосып, төменде көрсетілген мүмкіндіктерді қолдана аласыз:
  - ↳ Жүрек соғу жиілігінің мәнін бақылау және жазып алу.
  - ↳ Эквалайзерді реттеу.
  - ↳ Қалған батарея зарядының күйін тексеру.
  - ↳ Гарнитураның бағдарламалық құралын жаңарту.

## Гарнитураны басқару



### Қуатты қосу/өшіру

Қызмет	Түйме	Әрекет
Құлаққапты қосу.		2 секунд басып тұру.
Құлаққапты өшіру.		4 секунд басып тұру.


### Музыканы басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Музыканы ойнату немесе кідірту.		Бір рет басу.
Дыбыс деңгейін реттеу.	+/-	Бір рет басу.
Келесі әуен.	+	Басып тұру.
Алдыңғы әуен.	-	Басып тұру.

### Қоңырауларды басқару

Қызмет	Түйме	Әрекет
Тұтқаны көтеру/қою.		Бір рет басу.
Қоңырауды қабылдамау		Басып тұру.

### Басқалары

Қызмет	Түйме	Әрекет
Смартфонның дауысты көмекшісін іске қосу		Бір рет басу.
Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру	+,-	Бір уақытта 4 секунд басып тұру

### Құлаққап индикаторының басқа күйлері

Құлаққап күйі	Индикатор
Құлаққап жұптастыруға дайын.	көк және ақ ЖШД кезек-кезек жыпылықтайды.
Батарея толығымен зарядталған.	Барлық ЖШД индикаторлары сөніп тұрады.



# 5 Техникалық деректер

## Гарнитура

- Музыка ойнату уақыты: 6 сағат
- Сөйлесу уақыты: 8 сағат
- Күту режиміндегі уақыт: 160 сағат
- Зарядтау уақыты: 2 сағат
- Қайта зарядталатын литий-полимер батареясы (140 мА·сағ)
- Bluetooth нұсқасы: 5.0  
Үйлесімді Bluetooth профильдері:
  - HFP (хендсфри профилі)
  - A2DP (жетілдірілген аудио тарату профилі)
  - AVRCP (аудио мен бейнені қашықтан басқару профилі)
- Жиілік ауқымы: 2,402–2,480 ГГц
- Таратқыш қуаты: < 10 дБм (тек ЕО-да)
- Жұмыс ауқымы: 10 метрге дейін (33 фут)
- Зарядтауға арналған micro USB порты



## Ескертпе

- Сипаттамалар ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

# 6 Құлақтандыру

## Сәйкестік мәлімдемесі

Осы құжатпен MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнім 2014/53/EU директивасының негізгі талаптарына және басқа тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік мәлімдемесін мына сайттан көруге болады: [www.p4c.philips.com](http://www.p4c.philips.com).

## Ескі өнімді және батареяны қоқысқа тастау



Бұл өнім жоғары сапалы материалдар мен құрамдас бөліктерді қолдана отырып жобаланған және өндірілген, оларды қайта өңдеуге және қайта қолдануға болады.



Өнімдегі осы таңба ол 2012/19/EU Еуропа директивасында қамтылғанын білдіреді.



Бұл таңба өнімде 2013/56/EU Еуропа директивасы қамтитын, әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайтын ішкі қайта зарядталатын батарея бар екенін білдіреді. Қайта зарядталатын батареяны маман шешіп алуы үшін осы өнімді ресми жинау пунктіне немесе Philips қызмет көрсету орталығына апаруға қатаң кеңес береміз.

Электр және электрондық өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды бөлек жинайтын жергілікті жүйе туралы мәлімет іздестіріңіз. Жергілікті ережелерді сақтап, өнімді және қайта зарядталатын батареяларды әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз.

Ескі өнімдер мен қайта зарядталатын батареяларды дұрыс қоқысқа тастау арқасында қоршаған орта мен адам денсаулығына төнетін қауіптердің алдын алуға көмектесуге болады.

## Ішкі батареяны шешіп алу

Еліңізде электрондық өнімдерді жинау/қайта өңдеу жүйесі болмаса, құлаққапты қоқысқа тастаудан бұрын, батареяны шешіп алып, оны қайта өңдеуге тапсыру арқылы қоршаған ортаны қорғай аласыз.

- Батареяны шешіп алудан бұрын, гарнитура зарядтау қабынан ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

## ЭМӨ талаптарына сәйкестік

Осы өнім электрмагниттік өрістердің әсер етуіне қатысты барлық тиісті стандарттар мен ережелерге сәйкес келеді

## Қоршаған ортаға қатысты ақпарат

Қажетсіз қаптама материалдарын қолданбаймыз. Қаптаманы үш материалға бөлуді жеңілдетуге тырыстық: картон (қорап), көбікполистирол (аралық қабат) және полиэтилен (қаптар, қорғайтын көбік материал).

Жүйеңіз мамандырылған компания бөлшектеген жағдайда қайта өңдеуге және қайта қолдануға болатын материалдардан тұрады. Қаптама материалдарын, таусылған батареяларды және ескі жабдықты қоқысқа тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.

## Сәйкестік туралы құлақтандыру

Құрылғы FCC ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. **Осы құрылғы зиянды кедергі жасамауы тиіс және**
2. **Осы құрылғы түскен кез келген кедергіні, оның ішінде жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.**

### FCC ережелері

Осы жабдық сынақтардан өткізіліп, FCC ережелерінің 15-бөлімінде көрсетілген В сыныбындағы цифрлық құрылғыға қойылатын шектеулерге сәйкес келетіні анықталған. Осы шектеулер тұрғын жерлерде зиянды кедергіден қисынды деңгейдегі қорғанысты қамтамасыз ету үшін белгіленген. Осы жабдық радиожиілік қуатты түзеді, қолданады және шығаруы мүмкін, сондықтан нұсқаулыққа сәйкес орнатылмаған және қолданылмаған жағдайда, радио байланысқа зиянды кедергі жасауы мүмкін.

Дегенмен белгілі бір жағдайларда кедергі болмайтынына кепілдік берілмейді. Осы жабдық қабылданатын радио немесе теледидар сигналдарына зиянды кедергі жасаса (оны өнімді өшіріп-қосу арқылы тексеруге болады), пайдаланушы төмендегі шаралардың біреуін немесе бірнешесін қолдану арқылы кедергіні жоюға әрекет жасағаны жөн:

- Қабылдағыш антеннаны басқа жерге қою.
- Жабдық пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттыру
- Жабдықты қабылдағыш жалғанып тұрған электр тізбектен басқа тізбектегі розеткаға жалғау.
- Дилерге немесе тәжірибелі радио/теледидар маманына хабарласып, көмек сұрау.

### АҚШ Федералдық байланыс комиссиясының (FCC) сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:

Осы жабдық FCC ұйымының бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді.

Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

### Канада:

Осы құрылғыда Канада Инновация, ғылым және экономикалық даму министрлігінің лицензия талап етілмейтін RSS стандарттарына сәйкес келетін лицензия талап етілмейтін таратқыш(тар)/қабылдағыш(тар) бар. Қолдану үшін төмендегі екі талап орындалуы тиіс:

1. Осы құрылғы кедергі жасамауы тиіс.
2. Осы құрылғы кез келген кедергіні, оның ішінде құрылғы жұмысына жағымсыз әсер етуі мүмкін кедергіні қабылдауы тиіс.

### CAN ICES-3 (B)/NMB-3(B)

#### Канада Өнеркәсіп министрлігінің сәулелену әсеріне қоятын талаптарына қатысты мәлімдеме:

Осы жабдық IC RSS-102 ұйымдарының бақыланбайтын орталардағы сәулелену әсеріне қоятын шектеулеріне сәйкес келеді. Осы таратқышты кез келген басқа антеннамен немесе таратқышпен бір жерге орналастыруға немесе бірге жұмыс істетуге болмайды.

**Сақ болыңыз:** Пайдаланушыға сәйкестікке жауапты тарап анық растамаған өзгертулерді енгізу пайдаланушының жабдықты қолдану құқығын жоюы мүмкін екені туралы ескертіледі.

# 7 Жиі қойылатын сұрақтар

## **Bluetooth гарнитурасы қосылмайды.**

Батарея заряды аз. Гарнитураны зарядтаңыз.

## **Bluetooth гарнитурасын Bluetooth құрылғысымен жұптастыру мүмкін емес.**

Bluetooth функциясы өшірілген. Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын іске қосып, Bluetooth құрылғысын гарнитурадан бұрын қосыңыз.

## **Пульсометр функциясы жұмыс істемейді.**

- Жалғанған құрылғыда денсаулықты бақылау қолданбасы бар екеніне көз жеткізіңіз
- Гарнитура денсаулықты бақылау қолданбасына дұрыс жалғанған
- Ол ең үздік денсаулықты бақылау қолданбаларымен үйлесімді

## **Bluetooth құрылғысы гарнитураны таппайды.**

- Гарнитура одан бұрын жұптастырылған құрылғыға жалғанып тұруы немесе бұрын жұптастырылған құрылғыдан өшірілген болуы мүмкін. Жалғанған құрылғыны өшіріңіз немесе сигнал ауқымынан тыс жерге апарыңыз.
- Жұптастыру бастапқы қалпына келтірілген болуы мүмкін немесе гарнитура одан бұрын басқа құрылғымен жұптастырылған болуы мүмкін. Гарнитураны Bluetooth құрылғысымен пайдаланушы нұсқаулығында сипатталғандай қайта жұптастырыңыз.

## **Bluetooth гарнитурасы Bluetooth стерео функциясы қосылған мобильді телефонға жалғанып тұр, бірақ музыка тек мобильді телефон динамигі арқылы ойнатылады.**

Мобильді телефонның пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз. Музыканы гарнитура арқылы тыңдауды таңдаңыз.

## **Аудио сапасы нашар және шыртылдаған шу естіледі.**

- Bluetooth құрылғысы сигнал ауқымынан тыс жерде. Гарнитура пен Bluetooth құрылғысының арасындағы қашықтықты азайтыңыз немесе олардың арасындағы кедергілерді алып тастаңыз.
- Гарнитураны зарядтаңыз.



Philips және Philips қалқан эмблемасы — Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері және олар лицензия бойынша қолданылады. Бұл өнімді MMD Hong Kong Holding Limited немесе оның еншілес компанияларының бірі өндірген және соның жауапкершілігімен сатылады, сондай-ақ MMD Hong Kong Holding Limited компаниясы осы өнімнің кепілгері ретінде әрекет етеді.

UM\_TAA4205\_00\_KZ\_V1.0

